

**Ақтөбе облысы ,Хромтау қаласы ,
№2 Хромтау гимназиясы**

2018 жылы 5-7 сәуір аралығында Хромтау қаласындағы Тау-Кен байыту колледжінде Астана қаласы STEM орталығынан келген Мағжан Қыстаубаевтың «Әлемді өзгертетін инженер» шеберлік сабақтары өтуде. Бұл шеберлік сабаққа №2 Хромтау гимназиясының 9,10- класс оқушылары қатысуда. Екі күн бойы мектебіміздің оқушылары инженерліктің қыры мен сырын біраз танып қалды. Бірінші күні 5-сәуірде оқушылар бір-бірімен танысып, өз қолдарымен эксковатордың макетін жасап шығарса, ал екінші күні 6-сәуірде олар конвеердің макетін жасады. Барлық қатысушылар бұл шебер класта белсене жұмыс жасап, қатысып отыр. Оқушылар Қыстаубаев Мағжанға, Сержанов Арматқа, Базарбеков Мадиярға рахметтерін айтуда.



